



Автор: Аристанбаева Шалқар Саламатовна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Сәкен Жүнісов. Кімнің мекені жақсы.

мақсаты	2.1.2.1.Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.
---------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Әдебиет (40)	Кімнің мекені жақсы	
Сәкен Жүнісов. Кімнің мекені жақсы	<p>Мағынаны ажырату. Ой қозғау</p> <p>Оқулықтағы құмырысқа, құрбақа, тышқан, көкқұтан бейнеленген сюжетті суретті үлкейтіп көрсетіп, әр тіршілік иесі туралы не білетіндері сұралады. Олар туралы жұмбақтар шешіледі. Қылдай белі бүгілген, Өзінен де жүгі үлкен. Суретке сай тақырып болжанады. Жұмбақтың шешуі болған жәндік туралы не білетінін аңғимеле. Мақсатқа сәйкес оқушылармен бірлесе отырып, жетістік критерийін анықтау. Оқылым. Кімнің мекені жақсы? Мәтінді оқушылардың оқуын ұйымдастыру. Автор туралы сызбамен қысқаша түсінік беріледі. Сәкен Жүнісов 1934 жылы Көкшетау облысы Қызылту ауданында туған. Қазақтың белгілі жазушысы. Балаларға арналған «Әжем менің емші және дәрігер», «Кімнің мекені жақсы», Шәркетай т б кітаптары бар. Мәтінді оқи бастаймын ізін балалар кезекпе кезек оқиды. Сұрақ. 1. Жайлы қоныс, жақсы мекен іздегендер оны тапты ма? Неліктен? 2. Мәтіннің соңғы сөйлемін дауыстап, қайталап оқу. Негізгі ой туралы қарапайым түсінік беріледі. Мәтін негізгі ойға құралады. Мәтінде осы ой басталып, жалғастырылады және аяқталады. 3. Мәтін неше бөлімнен тұрады? Әр бөлімге ат қой. Жазылым. С. Жүнісовтың «Кімнің мекені жақсы?» мәтіндегі негізгі ойдың басталуын, жалғасуын, аяқталуын тап. Мәтіндегі негізгі ойдың басталуы- құмырысқа, құрбақа, тышқан жайлы қоныс жақсы мекен іздеп шығуы. Жалғасуы- олардың көкқұтан, құрбақа, жауынқұрттарына жолығуы. Аяқталуы- құмырысқа, құрбақа, тышқанның өз қоныстарына оралуы. Бағалау. Әр сұраққа жауап берулеріне қарай қол соғып отырады. Топтық жұмыс. Төмендегі суреттерге сәйкес топқа бөліну. Әр топ өз мекені жайлы екенін айтып рөлге еніп көрсетіндер. Бағалау. Бас бармақ әдісімен. Ой толғаныс. Өз тұрған жерің несімен ұнайды? Мәтін кейіпкерлеріне ұқсап, өз тұрған жерің туралы толғана аңғимелеуге тырыс. Жетістік критерийі жазушының сөздерін пайдаланады ойын көркем жеткізеді. Бағалау</p>	